

УДК 339.13 (574)

Э.А. Калияскарова

Т. Рысқұлов атындағы Қазақ Экономикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: emma_ka@mail.ru

Ет өнімдерінің сапасын арттыру – ДСҰ кіру кепілі

Бұл мақалада әлемдік сауда нарығындағы ет және ет өнімдерінің экспорттайтын мемлекеттер, олардың нарықтағы алатын үлесі, Қазақстандағы 2006-2012 жылдардағы етті тірідей және сойылған салмақтағы өндіру динамикасы, Қазақстандағы 2008-2012 жылдардағы ет және ет өнімдерін жан басына шаққандағы тұтыну көлемі, Қазақстандағы 1990-2011 жылдар аралығындағы жан басында шаққандағы етті тұтыну деңгейінің нормативпен салыстырғандағы үлесі, 2011 жылы Қазақстандағы импортталған ет өнімдері мен нарық сыйымдылығының көлемі, Қазақстандағы 2008 - 2012 жылдардағы ауыл шаруашылығы кәсіпорындарындағы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудің пайдалылық деңгейі, 2012 жылдағы ауыл шаруашылық өнімдері бойынша Кедендік Одақ мүшелірінің өзара сауда, ДСҰ кіру қарсаңында жүзеге асырылатын шаралар кешені.

Түйін сөздер: ет өнімдер нарығы, әлемдік нарықтағы ет өнімдерін экспорттаушы мемлекеттер, етті импорттау көлемі, нарық сыйымдылығы, жан басына шаққандағы тұтыну, Кедендік Одақ, ДСҰ.

E.A. Kaliyaskarova

Improving the quality of meat products as a guarantee of entry into the WTO

The article discusses about countries which export meat and meat products on the world market, their proportions, the dynamics of the Kazakhstani meat industry in their animate and carcass weights from 2006 to 2012, meat consumption per capita from 2008 to 2012 in Kazakhstan, share of meat consumption per capita comparing to the normative levels from 1990 to 2011, the volume of imports and the capacity of the internal market of meat products in Kazakhstan in 2011, the profitability of products of the agricultural enterprises from 2008 to 2012 in Kazakhstan, the volume of mutual trade of agricultural products between the member states of the Customs Union, the complex of regulations performed during the entrance into the WTO.

Keywords: market of meat products, meat exporting countries on the world market, the the imported volume of meat, the market capacity, consumption of meat per capita, the Customs Union, the World Trade Organization.

Э.А. Калияскарова

Повышение качества мясных продуктов как гарант вступления ВТО

В статье рассматриваются страны-экспортеры на мировом рынке мяса и мясных продуктов, занимаемый удельный вес, динамика производства мяса в живом и убойном весе за 2006-2012 гг. в Казахстане, потребление мяса на душу населения за 2008-2012 гг. в Казахстане, доля потребления мяса на душу населения за 1990-2011 гг. по сравнению с нормативом, объем импорта и емкость рынка мясных продуктов в Казахстане за 2011 год, уровень рентабельности сельскохозяйственных продуктов предприятий сельского хозяйства за 2008 - 2012 в Казахстане, объемы взаимной торговли государств - членов Таможенного Союза продукцией сельского хозяйства, комплекс мероприятий, выполняемых при вхождении в ВТО.

Ключевые слова: рынок мясных продуктов, страны экспортеры мяса на мировом рынке, объем импорта мяса, емкость рынка, потребление мяса на душу населения, Таможенный Союз, ВТО


Әлемдік сауда нарығында ет және ет өнімдерін (сиыр және бұзау еті) экспорттауда көшбасшы мемлекеттер Австралия мен Жаңа Зеландия болып табылады. Оларға әлемдік экспорттың 25% тиесілі болып отыр. Сонымен қатар Бразилия, Аргентина, Уругвай, АҚШ

мемлекеттері де ет және ет өнімдерін экспорттауда жетекші орындарды иеленіп отыр. Ал олардың негізгі импорттаушылары Ресей, Жапония, ЕО мемлекеттері, Мексика болып табылады. Ал шошқа етін экспорттаудан АҚШ, ЕО мемлекеттері, Канада, Бразилия, Қытай жетекші

орында тұрса, олардың дәстүрлі импорттаушылары Жапония, Ресей, Оңтүстік Корея, Мексика болып табылады [1].

Қазақстандағы агро өндірістік кешеннің

жақсы даму динамикасы ұзақ уақыт бойы сақталып келеді. Қазақстандағы 2006-2012 жылдардағы етті тірідей өндіру динамикасын келесі кестеден көруге болады.




Сурет 1 – Қазақстандағы 2006-2012 жылдардағы етті тірідей өндіру динамикасы, мың тонна

Ескерту: [2] әдебиет негізінде автормен құрастырылған

Суреттен 2012 жылмен салыстырғанда 2006 жылы 1447,3 мың тонна ет тірідей өндіріліп, 113% артса, 2007 жылы 108 % артқан, ал 2008

жылы 104%, 2009 жылы 102% құрап, 2010 жылы 99% болып, 2011 жылы 98% артқандығына көз жеткізуге болады.




Сурет 2 – Қазақстандағы 2003-2012 жылдардағы етті сойылған салмақта өндіру динамикасы, мың тонна

Ескерту: [2] әдебиет негізінде автормен құрастырылған

Суреттен Қазақстандағы 2003-2012 жылдардағы етті сойылған салмақта өндіру динамикасына тереңірек назар аударатын болсақ, 2006 жылы 808,6 мың тоннаны құраса, 2007 жылы 838,7 мың тоннаны құраған, ал 2008 жылы 874,2 мың тоннаны құрап, 2009 жылы 896,3


мың тонна өндірілген, 2010 жылы 937,4 мың тонна өндіріліп, 2011 жылы 939,4 мың тоннаны құрап, 2012 жылы 934,1 құраған. Жалпы алғанда талдау бойынша 2011 жылы 2012 жылмен салыстырғанда 5,3 мың тонна артық өндірілгендігін байқауға болады.



Сурет 3 – Қазақстандағы 2008-2012 жылдардағы барлық санаттағы шаруашылықтардың мал түрлері бойынша етті сойылған салмақта өндіру динамикасы, мың тонна
Ескерту: [2] әдебиет негізінде автормен құрастырылған

Қазақстандағы 2008-2012 жылдардағы барлық санаттағы шаруашылықтардың мал түрлері бойынша етті сойылған салмақта өндіру динамикасын 3 суреттен толығырақ көруге болады, талдай келе 2010 жылы 406,8 мың тоннаны құрап, ірі қара мал бойынша бес жыл ішінде көшбасшылық орынды иеленсе, қой мен


ешкіні союдан 2012 жылы 153,8 мың тонна ет өндірілген, ал жылқы етін союдан 2012 жылы 85,1 мың тоннаны иеленіп, жетекші орынға ие болды. Шошқа етін өндіру бойынша 2011 жылы ең жоғарғы көрсеткішке ие болса (213,6 мың тонна), құс етін союдан 2012 жылы 123,1 мың тонна өндіре отырып, жетекші орынға ие болды.



Сурет 4 – Қазақстандағы 2008-2012 жылдардағы ет және ет өнімдерін жан басына шаққандағы тұтыну көлемі, кг/жыл
Ескерту: [2] әдебиет негізінде автормен құрастырылған

Суреттен Қазақстандағы 2008-2012 жылдардағы ет және ет өнімдерін жан басына шаққандағы тұтыну көлемін көруге болады, яғни 2008 жылы әр қазақстандық жылына 49 кг ет және ет өнімдерін тұтынса, 2009 жылы оның көлемі 51 кг құраған, ал 2010 жылы 53 кг жетсе, 2011 жылы 66 кг құраған, 2012 жылы 67 кг жетіп отыр. Бірақ нормативпен


салыстыратын болсақ, ол көрсеткіш төмен болып отыр, себебі норматив бойынша әр адам жылына 82 кг ет тұтынуы керек. Ал Қазақстандағы 1990-2011 жылдар аралығындағы жан басында шаққандағы етті тұтыну деңгейінің нормативпен салыстырғандағы үлесіне тоқталатын болсақ, ол келесі суретте берілген.



Сурет 5 – Қазақстандағы 1990-2011 жылдар аралығындағы жан басында шаққандағы етті тұтыну деңгейінің нормативпен салыстырғандағы үлесі, %
Ескерту: [3] әдебиет негізінде автормен құрастырылған

Суретте 1990 жылы жан басында шаққандағы етті тұтыну деңгейінің нормативпен салыстырғандағы үлесі 86,6% құраса, 2000 жылы аталған көрсеткіш 54,1% құраған, 2012


жылы 81% құрады. Қазақстандағы 1990-2010 жылдардағы барлық шаруашылық санаттағы етті өндіру көлемінің 2011 жылмен салыстырғандағы үлесіне келетін болсақ, ол келесі суретте берілген.



Сурет 6 – Қазақстандағы 1990-2010 жылдардағы барлық шаруашылық санаттағы етті өндіру көлемінің 2011 жылмен салыстырғандағы үлесі, %
Ескерту: [3] әдебиет негізінде автормен құрастырылған

Қазақстандағы 1990-2010 жылдардағы барлық шаруашылық санаттағы етті өндіру көлемінің 2011 жылмен салыстырғандағы үлесі жайлы 3 суреттен көруге болады. Толығырақ


айтатын болсақ, 1990 жылы аталған көрсеткіш 60,2% құраса, он жылдан кейін, яғни 2000 жылы 150,8% құраған, ал 2010 жылы 100,2% құрап отыр.



Сурет 7 – 2011 жылы Қазақстандағы импортталған ет өнімдері мен нарық сыйымдылығының көлемі, мың тонна
Ескерту: [3] әдебиет негізінде автормен құрастырылған

Суретте 2011 жылы Қазақстандағы импортталған ет өнімдері мен нарық сыйымдылығының көлемі берілген, тоқтала кететін болсақ, жалпы ет түрлерінің импорты 185,1 мың тоннаны құраса, нарық сыйымдылығы 1123,8 мың тоннаны құраған, ал импортталған күс етінің көлемі 159,3 мың тоннаны құраса, нарық сыйымдылығы 261,3 мың тоннаны құрап отыр. Ал ет консервілерінің импортына келсек, ол 5,3 мың тонна, ал нарық

сыйымдылығы 12,7 мың тоннаны құрап отыр. Шұжық өнімдерінің импортына тоқталсақ, аталған көрсеткіш 2011 жылы 31,6 мың тоннаны құрап, нарық сыйымдылығы 67,2 мың тоннаны құрап отыр. Ал Қазақстан Республикасының 2008-2012 жылдардағы ауыл шаруашылығы кәсіпорындарындағы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудің пайдалылық деңгейіне тоқталатын болсақ, ол төмендегі 8 суретте берілген.



Сурет 8 – Қазақстандағы 2008 - 2012 жылдардағы ауыл шаруашылығы кәсіпорындарындағы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудің пайдалылық деңгейі, %
Ескерту: [4] әдебиет негізінде автормен құрастырылған

Суретте 2008-2012 жылдардағы ауыл шаруашылығы кәсіпорындарындағы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудің пайдалылық деңгейі берілген, аталған көрсеткіш бойынша

бірінші орында 2012 жылы Шығыс Қазақстан облысы - 45,8%, екінші орында Солтүстік Қазақстан - 34,4%, ал үшінші орында Маңғыстау облысы - 30,9% тұр. Ал ең төменгі көрсеткішті

Ақтөбе облысы (- 0,8%) мен Қызылорда облысы (- 1,6%) көрсетіп тұр.

Жалпы Қазақстан Республикасының ДСҰ кіру қарсаңында АӨК дамыту мәселелері маңызды орын алады. Бұл аталған ұйымға кіру біздің еліміз үшін өте үлкен жетістік бола тұра, оның өзінің белгілі тәуекелдері бар. Оның ішіндегі ең маңыздысы мемлекеттің өз өнімдерімен қамтамасыз етілуі. Жасалып жатқан көптеген шараларға қарамастан, біз толығымен ғылыми негізделген тұтыну нормасын кейбір өнімдер бойынша қамтамасыз ете алмай отырмыз.

Бүгінгі таңда мемлекеттің импортқа тәуелділік деңгейі жоғары болып отыр, мысалы шұжық өнімдері, құс еті және т.б. Сондықтан аталған мәселелерді шешу үшін келесі шараларды жүзеге асыру керек:

– өткізілетін өнімдер бойынша халықаралық стандарт талабына сәйкес келу;


– малды асыл тұқымдандыру үдерісін тиімді жүзеге асыру;

– мемлекет тарапынан берілетін қолдау мөлшерін арттыру;

– Кедендік Одақ бойынша экспортталатын өнімдердің көлемі мен сапасын арттыру;

– бәсекеге қабілетті мамандардың біліктілігін жетілдіру.

Кедендік Одақтың жұмысы барысында 2009 - 2011 жылдар аралығында Беларусь мемлекетінің Ресей мемлекетіне экспорты - 20%-ға артса, ал Қазақстан мемлекетінің экспорты -15%-ды құрады. Өзара саудалық қарым қатыснастықта Ресей көшбасшылық орын алып тұр, оның үлесі – 50%-ды құрап отыр, ал екінші орында Беларусь мемлекеті - 32%, ал үшінші орында Қазақстан - 18%-ды құрап отыр. 2012 жылдың қаңтар-қазан айларындағы ауыл шаруашылық өнімдері бойынша Кедендік Одақ мүшелірінің өзара саудаға тоқталатын болсақ, ол 9 суретте берілген.



Сурет 9 – 2012 жылдың қаңтар-қазан айларындағы ауыл шаруашылық өнімдері бойынша Кедендік Одақ мүшелірінің өзара сауда, мың АҚШ долл.
Ескерту: [5] әдебиет негізінде автормен құрастырылған

Суреттен 2012 жылдың қаңтар-қазан айларындағы ауыл шаруашылық өнімдері бойынша Кедендік Одақ мүшелірінің өзара сауда бойынша Беларусь мемлекеті -194633,8 мың АҚШ долларына ие болса, Ресей Федерациясы – 187287,4 мың АҚШ долларына ие болып, ал Қазақстан Республикасына – 127020,8 мың АҚШ доллары тиесілі болды.

Академик А. Кошановтың айтуынша Кеден-

дік Одақтың тиімділігі Ресей үшін 400 млрд.долларды құраса, Қазақстан мен Беларусь үшін 16 млрд.доллардан келеді. Ал 2015 жылы Кедендік Одақтың әр бір мүшесі үшін ЖІӨ көлемі 15%-ға өседі. Қазақстан ДСҰ кіру қарсаңында өнімдердің импорты мен экспортына қойылатын шарттардың өзгеріске ұшырайтынан, салаларға арналған жеңілдіктер мен кедендік баж салықтары да өзгереді. ДСҰ әр түрлі мемлекеттер арасын-

да сауда қарым-қатынастарын реттеуші болып табылады. Қазақстан ДСҰ кіруге 1996 жылдың қаңтар айынан бастап тапсырыс берген. Қазақстан ДСҰ кіру арқылы, экономиканың салалары халықаралық стандарттың талаптарына сәйкестендіріп қана қоймай, сонымен қатар тиімді басқару құрылымдар мен мемлекеттік басқаруда таза шешім қабылдау, жаңа экономикалық тәртіп бойынша жұмыс істейтін мамандар даярлау қажет. Қазақстанның ішкі нарығы өте сапалы өнімдермен бәсекеге қабілетті болуы керек, сонда ғана ішкі нарықтағы тұрақтылық сақталады [6].

Ресейдің ғалымдары ауыл шаруашылығын көтеру үшін инновацияға жақын болу керек және ғылыми жетістіктер, биология, техника, менеджмент, маркетинг, ұйымдастыру бойынша жаңа технологиялардың нәтижесін қолдану керек деген ұсыныстар жасады [7].

Қорытындылай келе, ауыл шаруашылығы өнімдері, оның ішінде ет және ет өнімдерінің сапасын арттыру арқылы бәсеке қабілеттілікті жоғарылататын болсақ, біздің мемлекетіміздің ДСҰ кіруіне үлкен мүмкіндіктер ашылады.

Әдебиеттер

1. Тереньтева А.С. США на мировом рынке мяса // США Канада экономика-политика – культура . – 2010. №11. – 90-105 с.
2. «Қазақстан 2012 жылы» / Статистикалық жылнамалығы / қазақ және орыс тілдерінде / 487 бет
3. Молдашев А.Б. Повышение конкурентоспособности аграрного сектора Казахстана в условиях ЕЭП и ВТО // Проблемы аграрного рынка. - 2013. №1. - 5-8 с.
4. Қазақстан Республикасындағы ауыл, орман және балық шаруашылығы»/ Статистикалық жинақ / қазақ және орыс тілдерінде / 217 бет
5. Альжанова Н. Таможенный союз как гарант обеспечения конкурентоспособности агропромышленного комплекса Казахстана // Импорт-Экспорт. – 2013. №2 (105), - 22-24 б.
6. Кошанов А.Создание Таможенного Союза Единого Экономического Пространства - важный фактор мобилизации и увеличения экономических потенциалов стран-участниц // Общество и экономика. – 2012. №2. – 11-40 с.
7. Рахаев Б., Мисаков А. Пространственная харатеристика сельского хозяйства России и пути повышения его эффективности // Общество и экономика. – 2013. №6. – 105-117 с.

References

1. Terenteve A.C. CSHA na mirovom runke miasa // CSHA Kanada ekonomika – politika – klytura. – 2010. №11. – 90-105 с.
2. Kazahstan 2012 gulu / Statistikaluk gulnamalugu / khazak gane orus tilderinde / 487 b.
3. Moldashev A.B. Povushenie konkyrentocpocobnosti agrarnogo sektora Kazahstana v ysloviyah ETP I VTO // Problemu agrarnogo runka. - 2013. №1. - 5-8 с.
4. Kazahstan Respyblikasundagu ayul, orman gane baluk sharyashulugu / Statistikaluk ginak / khazak gane orus tilderinde / 217 b.
5. Alganova N. Tamogennui soiyz kak garant obespeshenia konkyrentocpocobnosti agropromushlennogo kompleksa Kazahstana // Import – Eksport. – 2013. №2 (105), - 22-24 b.
6. Koshanov A. Cozdanie Tamogennogo Soiyyza Edinogo Economisheskogo Prostranstva – vagnui factor mobilizatsii i upravlenia economisheskich potentsialov stran-yshastnish // Obshestvo i ekonomika. – 2012. №2. – 11-40 с.
7. Rahaev B., Misakov A. Prostranstvennaia haracteristica selskogo hoziastva Rossi I pyti povushenia ego effektivnosti // Obshestvo i ekonomika. – 2013. №6. – 105-117 с.